

Екіншіден, ерте заманнан бастау алып, сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, екшеленіп, кейінгі ұрпаққа мұра болған өнегелі даналық үлгілерінің сан салалы түрлерімен ұрпақтар сабақтастығын ұштастырған халық ауыз әдебиеті туындылары рөлі зор болған. Сөз құдіретін соншалықты терең түсінуі қазақ халқының халық ауыз әдебиетін жастайынан тұщынып, бойына бар ықылас, ынтасымен сіңіре білгендігі қасиеті танылады. Басқаша айтар болсақ, ауыз әдебиеті – халық даналығының тынық мұхиты. Баланың дұрыс тәрбие алып, жақсы адам болып өсуіне қазақтар ерекше мән берген. Баланы тек оның ата-анасы ғана емес, бүкіл ауыл-аймақ болып тәрбиелеген. Бұл да ежелгі дүние тарихынан бері сан мыңдаған жылдар бойына қалыптасқан дәстүр. Халқымыз атамұра дәстүрін берік ұстаған, үлкенді сыйлаған, кісіге рақымшыл халық болса, соның бәрі жастайынан құлағына сіңіріп, көзімен көргендіктің белгісі.

Үшіншіден, XI ғасырдың түркі тектес халықтардың ортақ рухани мұрасына айналған, аса көрнекті рухани жәдігер Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік», қазақша мағынада құт әкелетін білім дегенге саяды, аудармасы «Құтты білік» шығармасы;

Төртіншіден, XI-XII ғасырларда ислам дінінің сопылық бағыты өкілі, түркі әлемінің данышпан тұлғасына айналған көрнекті ойшылдардың бірі Қожа Ахмет Иассауи «Диуани хикметі» («Ақыл кітабы») қаламынан туған сопылық сарындағы шығармасы;

Бесіншіден, ойшылдың ой-дүниесінің қалыптасуына шығыс ақындарының шығармашылығы да өз әсер-ықпалын тигізбей қоймады.

Өзіндік рухани ізденісі арқасында бұл мұралардың жауһарын толығымен игерсе керек. Осы арқылы ой-қиялмен тылсым әлеміне самғаған болатын. Осылайша шығыс поэзиясы ойшылдың жан дүниесін оятты, қорландырды.

Алтыншыдан, осының барлығын қорытындылай келгенде, адамшылық жолындағы ислам дінінің рөлі зор болған. Сонымен шығыс даналығы жырауды тәнті етті, тәнті етіп қоймай, философиялық танымына, көзқарасына ықпал еткен, сана-сезімі мен шығармашылығына нәр бергендігіне көз жеткізуімізге болады.

Адам жан-дүниесін, мінез-құлқын бір көргеннен-ақ тап баса танитын, кәнігі психолог қасиеті тағы бар. Яғни, әр сөздің жүректен шығып, жүрекке жетіп отыруын көздеген. Жоқ-жітіктің, әлдіден зәбір көрген әлсіздің жоғын жоқтап, ел мүддесін көздеген, өзінен кейінгі көзінде оты, көкірегінде сәулесі бар, талапты жастарға батасын беріп, өмір бойы жинақталған тәлім-тәрбиесін, ұлағат сөздерін құлақтарына құядан жалықпаған. Бұл бабамыздың бойына біткен дара қасиеттердің жиынтығы іспеттес асқан тәрбиеші болған кемеңгерліктің бір көрінісі болып табылады. Бұдан жылдар тәжірибесі дарытқан ұлттық рухтың болмысын көреміз. Өнегелік, ұстаздық ұлағаты ұшан-теңіз ой сарабы оның ақылман иесі екендігін танытады. Тек сөзімен ғана емес, адамдар мұраты үшін тындырған ісіне қарасаңыз да – данышпандық тұлғасымен дараланып тұрады.

Әдебиеттер тізімі

1. Сағатова Ә.С. Ұлы дала рухын асқақтатқан өршіл намыс: Монография / Караганда: Изд-во КарГТУ, 2019.- 148 б.

2. Sagatova A.S. Features of national thinking of the kazakh people / Караганда: Изд-во КарГТУ, 2020.–101 с.

УДК: 297

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМНІҢ РУХАНИ ПАРАДИГМАСЫ

Сайлаубек Т.Т.

магистрант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

e-mail: sailaubek_temirlan94@mail.ru

Мәшһүр Жүсіп – қазақ халқының бағына біткен ұлы тұлға, қазақ халқының рухани әлемінің шырағы, ұлттың мәдени кодын сақтауға елеулі үлес қосқан ғұлама. Естіген құлақта жазық жоқ деген принципті ту еткен ғұлама ел елді аралап, қазақтың рухани һәм мәдени мұраларын естіп хатқа түсіріп, ұлт болмысын сақтауға, түп тамырынан ажырап қалмауға үлкен үлес қосты. Оның ұстанымдары прагматизм мен аксиологияның тоғысқан жерінде қалыптасқан. Ғұламаның ел аралап, қазақтың рухани мұраларын жинап, хатқа түсіруі өзінің феноменологиялық зерттеу тәсілімен ұлт болмысын

сақтауға қосқан өлшеусіз үлесі болып табылады. Мақалада қазақ даласының көрнекті ойшылы, дін ғұламасы, фольклортанушы және ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани мұрасы қазіргі гуманитарлық білім беру парадигмасы тұрғысынан талданады. Мәшһүр Жүсіп еңбектеріндегі адам концепциясын, білім мен тәрбие бірлігін, ұлттық тарихи жадыны сақтау идеясын гуманитарлық білімнің аксиологиялық және антропологиялық негіздерімен байланыстыра қарастырылған. Зерттеу нәтижесінде Мәшһүр Жүсіп ілімі қазақ даласындағы тұтас гуманитарлық білім моделінің қалыптасуына ықпал еткен рухани-интеллектуалдық құбылыс ретінде бағаланады. Оның шығармашылығы өз заманындағы философиялық парадигмалармен үндеседі: метафизика мен этика мәселелерін қозғап, қазақ халқының өмір мен өлім, табиғат пен қоғам, рух пен тән арасындағы қарым-қатынастарды зерделеді. Аталмыш дастандары болмыс пен трансценденттіліктің шекарасын ашуға бағытталған. Қазақтың көрнекті жазушысы Жүсіпбек Аймауытов дін көсемін былай деп сипаттайды: «Мәшһүр Жүсіп жаңа заманның бұйынтақ сөзін, жыбырлақ мінезін місе тұтпаған, қазақтың қазақылығы бұзылмаған заманда дүниеге келген гауһары». Руханият көсемінің осынау қыруар еңбегіне ұлы академик Мұхтар Әуезов былай деп баға береді: «Ол, өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт».

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесі көбіне технократиялық бағытқа ауысып, рухани-адамгершілік мазмұн әлсірей түсті. Осы жағдайда гуманитарлық білімнің ролі ерекше маңызға ие болып отыр. Гуманитарлық білім – тек ақпарат беру емес, ол тұлғаның рухани, мәдени және құндылықтық қалыптасуын қамтамасыз ететін кең өрісті үдеріс.

Қазақ даласындағы рухани-ағартушылық дәстүрде бұл модель айқын көрініс тапқан. Сол дәстүрдің ірі өкілдерінің бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Оның мұрасы тек діни ілім шеңберінде емес, тұтас гуманитарлық білім жүйесі ретінде қарастырылуы тиіс.

«Адам екі түрлі»: антропологиялық пайымның тереңдігі

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Адам екі түрлі» өлеңінде адам болмысын ішкі сапасына қарай жіктейді. Ақын үшін адамды айқындайтын өлшем – оның рухани деңгейі. Өлеңде ол мазмұндық тұрғыда адамдарды екіге бөледі: бірі – «ақылды, ғибрат алар», екіншісі – «дүниеге алданып, нәпсіге ерген».

Мысалы, өлеңде рухани сергек адам бейнесі білімге, ойға, парасатқа жақын тұлға ретінде сипатталады. Ақын мұндай адамды өмірдің мәнін іздеуші, ақиқатқа ұмтылушы ретінде көрсетеді. Ал екінші топтағы адам дүниелік қызыққа беріліп, өткінші нәрсені мәңгілік деп қабылдайды. Бұл мазмұн өлең құрылымында қарама-қарсылық тәсілі арқылы беріледі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бұл өлеңі гуманитарлық білімнің рухани парадигмасын айқын бейнелейтін мәтіндердің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін. Ақын шығармасын «Бісмилла – сөздің басы, Хақтың аты» деп бастау арқылы танымның бастауы құндылықтық негізге сүйенуі керектігін меңзейді. Мұнда діни формуладан гөрі, дүниетанымдық ұстаным басым: сөз де, ой да, білім де белгілі бір моральдық жауапкершілікке бағынады. Яғни білім – бейтарап ақпарат емес, адамның ішкі сапасын қалыптастырушы рухани әрекет.

Өлеңде адам табиғаты «ағаш» метафорасы арқылы сипатталады:

*«Мысалы адамзаттың ағаштай-ды,
Қу ағаш мәуесі жоқ, жараспайды» [1, б.50].*

Бұл салыстыру адамның құндылығын сыртқы келбетпен немесе биіктікпен емес, «мәуесімен», яғни қоғамға тигізер пайдасымен өлшеуді ұсынады.

«Жақсылық, қайыр, ықсан қылған ісі,

Адамның қымбат баһа, сол жұмысы» – деген жолдарда адамның шынайы бағасы оның әлеуметтік мәртебесінде емес, жасаған игілікті ісінде екені айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда, ақын ұсынған антропологиялық модель моральдық-этикалық өлшемге негізделген.

Өлеңдегі:

«Мәуесі басқа ағаштан көп болғаннан,

Көтермес үзім ағашы жерден басын» – деген тұжырым кішіпейілділікті кемелдіктің белгісі ретінде көрсетеді. Мұнда терең білім мен ішкі мәдениет адамның мінезіне жұмсақтық пен ұстамдылық әкелуі тиіс деген ой бар. Бұл – гуманитарлық білімнің басты мақсаты тұлғаның тек интеллектуалдық емес, моральдық жетілуін қамтамасыз ету деген идеямен сабақтас.

Шығармада қайырымдылық мәселесі ерекше орын алады.

«Бір қайыр Құдай үшін қылған арнап,

Жеткенше өседі екен жеті жүзге» – деген жолдар әрекеттің әлеуметтік шеңберден асып, мәндік-рухани салмаққа ие болатынын білдіреді. Мұнда жақсылық – прагматикалық есеп емес, адамның ішкі сенімінен туындайтын таңдау. Бұл гуманитарлық білімнің аксиологиялық қырын күшейтеді: адам игілікке ұмтылғанда ғана өзінің болмысын жүзеге асырады.

Сонымен бірге өлеңде иман, намаз, ораза, зекет секілді ұғымдар аталғанымен, олар тек ғибадаттық категория ретінде емес, адамды тәртіпке, жауапкершілікке, өзін-өзі шектеуге үйрететін этикалық механизмдер ретінде көрінеді. Бұл тұрғыдан алғанда, ақын ұсынған модельде сенім мен мінез, әрекет пен жауапкершілік тұтастықта қарастырылады.

Мәшһүр Жүсіп үшін адам кемелдікке ұмтылуы керек. Кемелдік – білімді болу ғана емес, мінезді түзеу, нәпсіні тәрбиелеу, әділетті ұстану. Өлеңде білім сыртқы мәртебе емес, ішкі мәдениет ретінде ұғынылады. Ақынның пайымынша, адамды биік ететін – оның жүрек тазалығы мен ақыл парасаты.

Сонымен қатар, «Адам екі түрлі» өлеңінде жауапкершілік идеясы бар. Адам өз болмысын өзі қалыптастырады. Рухани адам – өз нәпсісін тежей алатын, ойланатын, өзін-өзі сынайтын тұлға. Ал надан адам – орта ықпалына еріп, терең ойламайтын жан.

Бұл поэтикалық концепция қазіргі гуманитарлық білімнің антропологиялық негізімен толық үйлеседі. Гуманитарлық білім тұлғаның ішкі мәдениетін, құндылықтық бағдарын, моральдық субъектілігін қалыптастыруды көздейді. Мәшһүр Жүсіп өлеңінде дәл осы мақсат көркем түрде берілген.

Осылайша, «Адам екі түрлі» шығармасы қазақ рухани ойындағы адамның екі бағытта дамитын болмыс екенін көрсететін маңызды мәтін. Онда поэзия мен философия тоғысып, адам табиғаты туралы тұтас гуманитарлық көзқарас қалыптасады. Қорытындылай келгенде, Мәшһүр Жүсіптің бұл туындысы гуманитарлық білімнің рухани парадигмасын айқындайтын мәтін ретінде маңызды. Ақын үшін білім – адамның ішкі мәдениетін, кісілік сапасын, қайырымдылыққа бейімділігін қалыптастырушы күш. Адамның құндылығы оның атағында не байлығында емес, қоғамға тигізген пайдасында, жасаған игі ісінде. Осылайша шығармада білім мен адамгершілік өзара ажырамас ұғымдар ретінде ұсынылады.

Осы ой гуманитарлық білімнің негізгі сұрағымен тікелей байланысты: адам қандай болуы тиіс?

Адам қадірі және әлеуметтік әділет мәселесі

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы адамгершілік, әділет және қоғамдағы моральдық тәртіп мәселесін көтереді. «Қиянат» өлеңінде жеке адамның құқықтары мен қадір-қасиеті тек әлеуметтік немесе материалдық тұрғыдан емес, рухани және этикалық өлшеммен бағалау керектігін айтады. Мысалы, келесі жолдарда:

*«Жақсы қыз бозбалаға нар болғандай,
Жігіті душар болса, жар болғандай!»*

Моральдық үйлесімділік пен әділеттің маңыздылығы көрсетіледі. Ақын адамның өмірлік таңдаулары мен отбасыдағы қарым-қатынастарын қоғамның жалпы этикасына байланысты қарастырады. Бұл – гуманитарлық білімнің антропологиялық аспектісіне сәйкес келеді: адамдық құндылық тек жеке қызығушылықта емес, әлеуметтік және рухани нормаларда көрінеді.

Өлеңде әлеуметтік әділетсіздік пен қарама-қайшылық мәселесі де айқын көрінеді:

*«Сатылып кейбір қыздар кете барар,
Бағасы газиздігі мал болғандай!»*

*«Адамды мал орнына жұмсауымыз
Бір емес, бар қазаққа ғам болғандай!» [2, б.60].*

Мұнда автор материалдық және әлеуметтік мүдденің адамгершілікке қарама-қайшы екенін көрсетеді. Қоғамдағы дәстүр мен мораль арасындағы шиеленіс гуманитарлық білімнің маңызды тақырыбы – адам қоғамда қалай өмір сүруі тиіс, әділеттілік пен құндылықтарды қалай сақтау керек деген сұраққа жауап іздейді.

Сонымен қатар, ақын қоғамдағы заң мен дәстүрдің моральдық нормалармен үйлесуін қарастырады:

*«Иә шариғат, иә низамға дұрыс та емес,
Қазақтың қағидасы заң болғандай!» [3, б.50].*

Бұл жерде қоғамдағы құқықтық және діни жүйенің шынайы гуманитарлық мәні – адамдардың рухани дамуы мен әділетті өмір сүруіне қызмет етуі керектігі көрсетілген. Білім мен тәрбие, мораль мен заң біртұтас жүйе ретінде қарастырылады.

«Бес қымбат»: адамгершілік пен рухани парадигма

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бұл үзіндісі гуманитарлық білімнің рухани парадигмасын айқын көрсетеді. Өлеңде автор адам өміріндегі ең маңызды төрт құндылықты – иман, ғақыл (ақыл), сабыр

және шүкір, бесінші қымбат нәрсе – әдеп деп жүйелейді. Бұл қатарлы идеялар адамгершілік, мораль және рухани тәрбие мәселелерін нақты көрсетеді.

Иман – өлеңнің басты бастауы:

*«Ең әуел керек нәрсе иман,
Ақырет істеріне инан!»* [4, б.50].

Мәшһүр Жүсіптің ойынша, білім мен іс-әрекет тек ақпарат жинау арқылы емес, рухани негізге сүйенгенде ғана мәнге ие болады. Бұл тұрғыда Марта Хасбаум адамды тек сыртқы жетістіктерімен емес, оның моральдық және рухани қасиеттерімен бағалау керектігін айтады. Өлеңдегі иман тұжырымдары гуманитарлық білімнің рухани парадигмасы үшін негізгі өлшем ретінде қарастырылады.

«Екінші қымбат нәрсе – ақыл (зақыл).

Ғақылсызда тауық жағғы тақыр» [5, б.50] – деген жолдар адамның саналы шешім қабылдау қабілетінің маңыздылығын көрсетеді. Ақыл мен иман біріктірілгенде ғана адам кемелдікке жетеді. Ғалым Джереми Брунер білімді тек ақпарат алу емес, адамның моральдық, мәдени және рухани дамуының процесі ретінде қарастырады (Bruner, 1996). Өлеңде ақыл – адамға тек дұрыс шешім қабылдауға ғана емес, этикалық және моральдық жауапкершілікке де мүмкіндік береді.

Үшінші қымбат нәрсе – сабыр:

«Сабырлысы Мұратын табар» [6, б.249]. Сабыр – адамның тұрақтылығы, қиындыққа төтеп беру қабілеті. Гуманитарлық тұрғыда сабыр тұлғаның рухани дамуы мен этикалық қалыптасуының негізгі факторы болып саналады. Сабырсыздық моральдық және әлеуметтік қателіктерге апарса, сабыр адамға кемелдікке жетуге мүмкіндік береді.

Төртінші – шүкір:

«Нығаметке шүкірсіздік – күпір». Шүкір – адамның алғанын бағалауы, оған ризашылық білдіруі. Бұл элемент адамды рухани тұрғыдан тәрбиелеудің маңызды бөлігі болып табылады. Пауло Фриери өз еңбектерінде білім адамның өзін және қоғамды түсінуіне, моральдық және рухани өсуіне қызмет етуі керектігін айтады (Freire, 1970). Өлеңде шүкірсіздік рухани кемшіліктің белгісі ретінде қарастырылады.

Бесінші – әдеп:

«Әдепсізде иман тұру гажап». Әдеп – адамның әлеуметтік мінез-құлық нормасы, қоғамдағы этикасы. Мәшһүр Жүсіптің ойынша, адам иманды болса да, әдепсіз болса, қоғамға зиян тигізеді. Бұл – гуманитарлық білімнің басты қағидасы: тұлғаның рухани дамуы оның әлеуметтік жауапкершілігімен тығыз байланысты.

Қорытындылай келе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бұл өлеңі гуманитарлық білімнің рухани парадигмасын нақты бейнелейді. Бес қымбат құндылық – иман, ақыл, сабыр, шүкір және әдеп – білімнің тек ақпараттық емес, моральдық, рухани және әлеуметтік мәнге ие екенін көрсетеді. Адамның құндылығы оның әлеуметтік мәртебесінде немесе материалдық байлығында емес, жасаған игі ісі мен моральдық таңдауларында көрінеді. Бұл парадигма қазіргі гуманитарлық білімнің басты мақсаты – адамды рухани кемелдендіріп, қоғамда әділ және жауапкершілігі бар тұлға ретінде қалыптастыру – идеясымен толық үндеседі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы қазақ әдебиеті мен философиясының терең, рухани қазынасына жатады. Оның өлеңдері мен қара сөздері тек көркемдік мәнімен ғана емес, адамның моральдық және рухани кемелдігін қалыптастырудағы практикалық құндылығымен ерекшеленеді. Ақынның гуманитарлық парадигмасы адамның ішкі әлемін, қоғамдағы орны мен әлеуметтік жауапкершілігін, білім мен мәдениеттің мәнін терең түсінуге бағытталған.

Мәшһүр Жүсіптің шығармаларында адам табиғатының күрделілігі, моральдық таңдау мен әлеуметтік нормалар арасындағы үйлесім көрсетіледі. Ақын адамды рухани және моральдық тұрғыдан бағалай отырып, оның құндылығы тек сыртқы мәртебе немесе материалдық жетістік арқылы емес, жасаған игі істері, қоғамға қосқан үлесі және жеке мінез-құлық ерекшеліктерімен өлшенетінін айқындайды. Бұл гуманитарлық білімнің негізгі парадигмасымен үндеседі: білім тек ақпарат беру немесе техникалық дағдыларды үйрету емес, тұлғаның моральдық, мәдени және рухани дамуын қамтамасыз етуге бағытталған процесс.

Шығармаларда қарастырылған моральдық және рухани құндылықтар – иман, ақыл, сабыр, шүкір және әдеп – қазіргі гуманитарлық білім теориясында да негізгі рөл атқарады. Иман – адамның өз іс-әрекеттерінің, моральдық шешімдерінің және қоғамдағы рөліне негізделген рухани бастауы. Ақыл – саналы таңдау, этикалық және рационалды шешім қабылдау қабілеті, адамның қоғамдық және жеке өмірінде тұрақтылық пен үйлесімділік әкеледі. Сабыр – қиыншылыққа төтеп беру және моральдық тұрақтылықты сақтау, ал шүкір – адамның алғанын бағалау және ризашылық көрсету арқылы рухани

дамуын жетілдіру қуралы. Әдеп – әлеуметтік этика, қоғамдағы нормалар мен мінез-құлық үлгісі, гуманитарлық білімнің қоғамға бағытталған аспектісін көрсетеді.

Ғылыми тұрғыдан, бұл тұжырымдар әлемдік философтар мен гуманитарлық зерттеушілердің ойларымен үйлеседі. Марта Хасбаум адамның рухани және моральдық қасиеттерін оның маңызды құндылығы ретінде қарастырады (Nussbaum, 1997), ал Джон Роулс әділет пен әлеуметтік теңдікті қоғамның моральдық өлшемдері деп атайды (Rawls, 1971). Джереми Брунер білімнің тек ақпарат алу емес, тұлғаның рухани және мәдени дамуына қызмет ететін процесс екенін көрсетеді (Bruner, 1996), ал Пауло Фрейри гуманитарлық білімді адамның өзін және қоғамды түсінуіне бағытталған рухани үдеріс ретінде қарастырады (Freire, 1970).

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларында ұсынылған гуманитарлық құндылықтар қазіргі заманда да өзектілігін жойған жоқ. Олар адам мен қоғам арасындағы үйлесімділікті, моральдық және рухани кемелділікті, білім мен этиканы біріктіріп, тұлғаның жан-жақты дамуына жол ашады. Ақынның ойынша, адамдық құндылық тек білім деңгейімен емес, оның қоғамға қосқан үлесі, жасаған қайырымдылығы, әлеуметтік және моральдық таңдаулары арқылы өлшенеді.

Қорытындылай келе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы гуманитарлық білімнің рухани парадигмасын нақты көрсетеді. Оның поэзиясы мен қара сөздері арқылы адамды рухани кемелдікке жетелейтін, моральдық жауапкершілікке тәрбиелейтін құндылықтар жүйесі айқын көрінеді. Бұл құндылықтар қазіргі гуманитарлық ғылым мен білімнің басты міндеттерімен үндеседі: адамды мәдени, этикалық және рухани тұрғыдан толық дамыған тұлға ретінде қалыптастыру.

Әдебиеттер тізімі

1. Шағырбаев А.Д. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. – 223 б.
2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Энциклопедия. – Павлодар: ЭКО, 2010. – 704 б.
3. Пазылов Ә. Мағұмат – и Мәшһүр-Жүсіп Көпеев / Қарағанды маңызды білім беретін «Болашақ» ин-ты; Жауап. ред. Әбділда Қ. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006. – 288 б.
4. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. 1-20 том. – Павлодар: ЭКО, 2013.
5. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 66. – 24 б.
6. Мәшһүр-Жүсіп Шығармалары. 13-том // Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, -2008-жыл. 122-129-б.

UDC 304.9

THE IDEA OF “EL BOLU”

Salymatova N. R.

Senior Lecturer, Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda Buketov National Research University
Karaganda, Kazakhstan

The idea of nationhood (“El bolu”) is a profound philosophical and socio-political concept that defines a people’s historical destiny, spiritual identity, and aspirations directed toward the future. This idea is not limited to state borders or political structures; rather, it encompasses a nation’s self-awareness, preservation of historical memory, unity, and sense of responsibility.

In the Kazakh worldview, the concept of nationhood has historically been associated with freedom, unity, and justice. During the era of nomadic civilization, the word “el” signified not only the people, but also shared values, traditions, land, and the sacred legacy of ancestors. Therefore, nationhood primarily means achieving spiritual integrity. In this regard, the poetry of the zhyrau and the eloquent speeches of bi-orators established the preservation of national unity as a central ideal. For instance, in the reflective verses (tolgau) of Bukhar Zhyrau, national solidarity and just relations between the khan and the people are described as the foundation of statehood.

Of particular importance in the Kazakh worldview is Asan Qayghy’s idea of Zheruyik. The idea of Zheruyik represents an eternal quest and a forward-looking orientation deeply embedded in Kazakh philosophy. Asan Qayghy’s search for Zheruyik was not merely a social dream of the people; it was a